Аудан әкімінің төрағалығымен өткен мәжілістің

01/1-5/13.7
06-03-2025

ХАТТАМАСЫ

Шиелі кенті

2025 жылғы 04 наурыз
сағат: 11-30

Төрағалық еткен: Аудан әкімі - А. Жандарбеков

Қатысқандар: Аудан әкімінің орынбасарлары, дербес бөлім, мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері

I. Экономиканың нақты секторын қаржыландыру туралы

(А. Жандарбеков, А. Алдабергенов, М. Жұмаділ, Д. Аман)

1.1. Аудандық экономика және қаржы бөлімі *(М. Жұмаділ):* «Ауыл ел бесігі» жобасымен қаржыландыруға ұсынылған жобалардың тізімін пысықтасын.

1.2. Жобалық-сметалық құжаттамаларға қаралған қаржының игерілуін және дайын жобалардың тізімін қалыптастырсын.

1.3. Тапсырмалардың орындалуына бақылау жасау және үйлестіру аудан әкімінің орынбасары А. Алдабергеновке жүктелсін.

II. Қосымша мәселелер

(А. Жандарбеков, А. Алдабергенов, Б. Сағындықов, Е. Абдрахманов, Д. Әубәкіров, ауылдық округ әкімдері)

2.1. "Шиелі сушар" өндірістік учаскесі басшысы *(Д. Әубәкіров):* егінге аяқсу жеткізу қызметінің қарыздарын заң аясында, толық көлемде төленуі бойынша жұмысты ұйымдастырсын және қарыздары төленбеген шаруа қожалықтарымен 2025 жылғы егін науқанына келісім-шарттар жасалмасын. *(мерзімі: тұрақты).*

2.2. Ауылдық округ әкімдері *(тізім бойынша):* ауыл ішкілік каналдар мен су арналарын тазалау жұмыстарын жүргізіп, суармалы егістікпен айналысатын ауыл тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасасын. *(мерзімі: 20.03.2025 жыл).*

2.3. Ауылдық округ әкімдері елді мекендегі тұрғындардың аяқ су тұтынуына Қызылорда филиалының **«ШИЕЛІСУШАР»** өндірістік учаскесімен жылдық келісім шартқа отырып, тұтынған аяқ судың төлемін жасауды ұйымдастырсын. *(мерзімі: 20.03.2025 жыл)*

2.4. Тапсырмалардың орындалуына бақылау жасау және үйлестіру аудан әкімінің орынбасары Б. Сағындықовқа жүктелсін.

3.1. Аудандық кірістер басқармасы *(Е. Абдрахманов)* және **Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі** *(Ж. Ақбергенов):* өнеркәсіп саласындағы заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар тарапынан төленетін салықтарды ай сайын жоспарға сәйкес орындалуын қадағаласын.

3.2. Ауылдық округ әкімдері жергілікті бюджетке түсіретін салықтар жоспарын көтерсін. *(мерзімі: тұрақты).*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ШИЕЛІ АУДАНЫ
«ҚАРҒАЛЫ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ
АППАРАТЫ» ММ
МЕКЕМЕСІ
№ 107
«06» 03 2025

3.3. Майлытоғай ауылдық округінің әкімі *(Ә. Мамбетов):* ауыл ішкілік көше жарықтарының қарызын төлеп, толыққанды жануын қамтамасыз етсін. *(мерзімі: 18.03.2025 жыл).*

3.4. Барлық ауылдық округ әкімдері *(тізім бойынша):* ауылдардағы көше жарықтарының толыққанды және үздіксіз жануын қадағаласын. *(мерзімі: тұрақты).*

3.5. Тапсырмалардың орындалуына бақылау жасау және үйлестіру аудан әкімінің орынбасары А. Алдабергеновке жүктелсін.

III. Таза Қазақстан экологиялық акциясын орындау туралы

(А. Жандарбеков, Б. Сағындықов, Ж. Әлиев)

Дербес бөлім, мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері:

1) Мемлекеттік мекемелердің алдын тазартып, халыққа қолайлы жағдай жасалуын қамтамасыз етсін. *(мерзімі: 05.03.2025 жыл);*

2) Санитарлық тазалық жұмыстарын әр сенбі сайын бөлініс бойынша белгіленген аумақтарға сенбіліктер ұйымдастырсын. *(мерзімі: тұрақты).*

3) **Ауылдық округ әкімдері:** көктемгі көгалдандыру жұмыстарына Аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесімен келісім шартқа отырып, тал егу жұмыстарын ұйымдастырсын. *(мерзімі: 30.04.2025 жыл)*

Тапсырмалардың орындалуына бақылау жасау және үйлестіру аудан әкімінің орынбасары Б. Сағындықовқа жүктелсін.

Аудан әкімі **А. Жандарбеков**